


Г 2005

767

Hyap ӘКІМХАНОВ

AУФАУМАС



Мінур ӘКІМХАНОВ

АУҒАУМАС

Өлеңдер

“Елорда”
Астана - 2004

ББК 84 Қаз 7-5

Ә 47

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНДІК
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Әкімханов М.

Ә 47 *Айгайтас*. — Олеңдер. — Астана:
Елорда, 2004. — 80 бет.

ISBN 9965-06-339-7

Ақын Мінуар Әкімхановтың оқырман назарына
ұсынылып отырған “Айгайтас” атты жаңа жыр жина-
ғына табиғаттың тамаша көркі, ел мен жердің ежелгі
тариҳы және адам жаңының сөулелі сәттері жайлы жа-
зылған бір топ өлеңдері топтастырылды.

Кітап көшілік оқырманға арналған.

54525 404

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЯТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАЛХАНАСЫ
НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЧЕСКАЯ БИБЛЮТОТЕКА
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

КІТАЛХАНА

Ә 4702250202-282
450(05)-04

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-06-339-7

© Әкімханов М., 2004

© “Елорда”, 2004

Бұл жысыр-жисинағымды
әкем Әкімхан мен анам Ұлманның рухтарына
арнаімын.
АВТОР

НАРЫНҚОЛ НАҚЫШТАРЫ

НАРЫНҚОЛ

Жолаушым, қалар ма екен, мүлде сенбей,
Бар десем, ажарлы аймақ бізде сендей.
Басына қар жамылған тау шындары,
Тұр әне, құлаштарын күнге сермей.

Бір тауы бір тауымен жалғасып ап,
Жатады керуендей алға шұбан.
Жазуға жартастағы көз тоқтатып,
Сырларын көңілге түй, ал да сұрап.

Күн көзі нүр тәксе де бұлттан шығып,
Бітпейді тау ақ қардан тіпті аршылып.
Қас батырдай сайланған Хантәңірі,
Аймақты құзетіп тұр тік шаншылып.

Ақ үлпа қар бүркеген басын кілен,
Демеймін тауларының жасын білем.

Ауылдың айналасы қалың төгай,
Жаз шықса жамылады жасыл кілем.

Жас жүрек, арман қуып, ұшқан түлеп,
Сапарға осы ауылдан ұштым түлеп.
Құз таудан құлап аққан Байынқолым,
Текеске жатыр әне тұмсық тіреп.

БАЙЫНҚОЛ

Хантәңірдің баурайында паң жатқан,
Қос бүйірін қайың, терек, тал жапқан.
Байынқолдай өр өзеннің арнасын,
Толтырып түр құйған бұлақ жан-жақтан.

Дегендей бір әуеніме салышы елтіп,
Жатады ылғи бүйра толқын ән шертіп.
Байынқолдың көркемдігін сөз етсем,
Дерсің досым сол маңайға баршы ертіп.

Десе де жұрт толқынында жоқ айбын,
Кешіп өтер, өткел бар ма оңай тым?
Құзар таудан құлап аққан Байынқол,
Қан тамыры сектілді бір тоғайдың.

Сөзден сурет сала алмаймын оған сай,
Тау мұлгиді тұнгі аспаннан жоғалса Ай!
Тұла бойын тұнық бұлақ суарған,
Коркемдіктің көзі дерсің “Шогансай!”

Десем дағы тау мен тасқа үнілші,
Көркемдікке көзің тиер, түкірші.
Тыныштықтың күзетшісі сияқты,
Дәнестігі анау тұрган “Үкірші”.

Қолдан салған мұнарадай нелер шын,
Бар осында, о, табиғат шеберсің!
Алыссынбай Байынқолға бар досым,
Көркемдікті көргің келсе, егер шын.

ТАЛ ТҮСТЕГІ ТАЙТАЛАС

(Баллада)

Ертерек таппақ болып жемтік ас бір,
Бүкендең тауға қарай желді қасқыр.
Баршадан өзін өктем сезінеді,
Аңдамай қақпан құрган жерді басқыр.
Бір олжа кез келуге тиісті деп,
Тұрмады шыбын жанға тыныс тілеп.
От шашып жанарынан жалаң қағып,
Келеді ой мен қырды тіміскілеп.
Аймақты алмақ үшін дара “зерттеп”,
Жан-жағын биік қырдан қарады ептеп.
Көрді де қалың қойды анадайдан,
Жатты ол топ ағашты паналап кеп.
Маңайды тінти қарап қос шырағы,
Отырды сақтық сақтаи көн шылады.

Койшыны кормеген соң мал шетінсін,
 “Күн ыстық, ұйықтады-ау”, — деп топышылады.
 Тезірек тойдырмаққа аш құрсақты,
 Тал түсте қалың қойға қасқыр шапты.
 Үніңс құлақ тұнған мынау сарын,
 Қойшыға елсестетті тас бүршақты.
 Момын мал жау тигендей аса көп кеп,
 Үрікті бірін-бірі баса көктеп.
 Тұрсын ба, қойшы қарап, айқай салып,
 Тас атып, карсылығын жасады елтеп.
 Керемет кекке оранып, күшін жанып,
 Қірісті қалың топқа құшырланып.
 Атылып көз ілесспес жылдамдықпен,
 Таstadtы скі-үш койдың ішін жарып.
 Кез қылып шыққан мынау жауын шектен,
 Қөргендей болды қойшы тауын шөккен.
 Бұл тұста үйдс қалған келіншегі,
 Естіді жігіт үнін талып жеткен.
 Келіншек көзін қойға қалт жіберіп,
 Жөнелді атқа мініп қатты желіп.
 Ақ төс ит бірге шапқан анадайдан,
 Қасқырды көре сала қапты келіп.
 Аңғармай, жеткенін бұл “жауын” қайдан,
 Басталды көкжал үшін дауыл “майдан”.
 Айқасып Ақ төс итпен айдалада,
 Көз жазып кала берлі қалың қойдан.

Тұрмады қойшы да енді шыдап тіптен,
Көкжалды ұрып қалды құлак түптен.
Алайда Ақ төс итін қан қақсатты,
Ақталмай бар үміті бірақ күткен.
Аққанда аяғынан қып-қызыл қан,
Көрді олар иттің жайын күрт бұзылған.
Жігітке ұстатты арқан келіншек кеп,
“Қасқырға тасташы”, — деп мықтысынған.
Босатып тамағына батқан тісті,
Ақ төсті арлан енді жақтан қысты.
Жығып сап қарсыласын қашпақ сәтте,
Сақ етіп, мойнына арқан түсті...
Сәл ғана кетсе болды алқым босап,
Қасқыр да қалатындей қастық жасап.
Осыны сезген жігіт атқа мініп,
Сүйреді ары-бері тақымға сап.
...Осындай жайларды айтсам тізіп құрбы,
Дей көрме әңгіме емес, қызық құнды.
Ежелден елге мәлім азулы жау,
Бұғып кеп тыныштықты бұзып тұрды.
Кезі жоқ көкжалдардың құтырмаған,
(Бірақ та алдырмадым құтымды оған)
Тал түстес жасағанмен слғс жаулық,
Ерлердің тұзағынан құтылмаған.



БАСЫНА БІР КИМЕШЕК КИГІЗБЕДІМ (Анам Ұлманга)

Өтиеді көз алдында құлын жылым,
Аузыңнан естімеді ұлың жылы үн.
Сен жоқсын, асыл анам болғандай бір,
Жанымның жапырағы жұлым-жұлым.
Қызықты, киындықты шектім бірдей,
Сен жайлы жүрекке жыр ектім гүлдей.
“Апа” деп арсаландал алдан шығар,
Барын да немеренің кеттің білмей.
Қайғыға көрмесем де әлі сынып,
Қоймадым сағынышты әрі сырып.
Алдыңда тұрмады ғой асыл анам,
Келінің өз қолынан дәм ұсынып.
Ұлыңың “ана” деген даусы бар да,
Өлеңі өзек жарған таусылар ма?
Елжіреп сені еске алам құрдасымның,
Шешесі құлынын кеп қаусырarda.
Өзінді далада ойлап, үйде іздедім,
Көңілден көк толқынды жырды үзбедім.
Алғашқы жалақыма алып ксліп,
Басына бір кимешек кигізбедім.
Перзенттік қарызымды өтемедім,
(Сағыныш оты кашан өртемедін?)
Ауылыш нағашымның сенсіз бардым,
“Демелі. — маган спікім, — ботсан едің”.
“Жиен” — деп. — аймалады анам бас сан,

Котерді төбссіне атам да асқақ.
 “Бұл қалған бір түқ деп қызымыздан,
 Бәрі де күбірлейді амандасса-ак!
 Қаншама қанат қағып жыл өткенмен.
 Атыңды шығармадым жүректен мен.
 Қайғының қара бұлтын жамылмадым.
 Сар желі сағыныштың жүдеткенмен.
 Сапарлап, сан белесті өттім басып,
 Шаттандым, шалқып сөйлеп, көрдім тасып.
 Сондай да ашық сезім ойға оралса,
 Қалды рас, құсқан шайдай көңілім жасып.
 Өзіңсің өмірдегі шын ардақтым.
 Қайғыға қайыспаймын шыдамды-акпын!
 Кеудеме жүрегінен жүрек бөлдің,
 Қалайша сені есімнен шығармақпын?!

ӘКЕ РУХЫНА ТАҒЗЫМ

Дей көрменіз мұрдеме ұлым жай келді.
 Бұл жүрегім өзінді іздеп қайғы емді.
 Сен жатырсың баурайында Сарыжаздың,
 Көз күлімдеп, көрісер күн қайда енді?

Демесе де қеуденді уайым кемірсін,
 Өз басынан өтпеген жан не білсін?
 Қөлеңкең де көрінбейді көзге сиді,
 Сенсіз мені тосар алдан не бір сын.

Қаздар қайтты түстік жаққа тыраулап,
 Тау балағы қалыпты өне, қыраулап.
 Қабіріңің басына кеп жас төктім,
 Сезіп соны түстің бе, әке, бір аунап?!

Басына бір алған жандай бұлт үйіп,
 Саған ғана өкпелсөуші ем бұртиып.
 Өзің жоқсың өрт сөндірген адамдай,
 Өгей шешем қас-қабағын тұр түйіп.

Қараша үйден шыға қалсаң қалбаңдал,
 Жолыққандай болушы еді арман-бак!
 Өзің жоқта өмір-дария тартылып,
 Қалғандай бір менің кемем қайрандал.

Шықса алдыңнан қалт-құлт басып шөберен,
 Сүйемін деп сен түйеше шөгер ең!
 Мұның бәрі сиді арман ғой қайтейін,
 Сағынышымның болса дағы шегі өлең.

Көз жұмсаң да іздеп жоқтар кісімсін,
 Жырмен айттым мұны үрпағың түсінсін.
 Қектегі айдай жарқыраған атынды,
 Ақын-қиял жергс қалай түсірсін?!

ҚАРАСАЗ

Қызылбұлақ, Қаратұмсық, Жағасаз.
 Жер емес бүл, бағамдайтын бағасы аз.
 Елшенбүйрек аңғарына бет бұрсан,
 Қарсы алдыңдан шыға келер Қарасаз.

Хантәнірдей аппақ карлы, құз белдің.
 Бауырындағы мекені бүл ізгі елдің.
 Өлеңінің өрнегі бар Мұқаның,
 Айдынында анау жатқан Тұзкөлдің.

Жолбарыстай жатқан үнсіз жонданып.
 Айғайтасқа тіреледі жол барып.
 Осы жолдың үстіндес түр Қарасаз,
 Мұқағали шыққан кеше топ жарып.

Таусылмасын Қарасазды жырлар күн.
 Ұсынбаса, ұсынбасын жүлде әркім.
 Кешір достым, қиялымда ұлы ақын,
 Қарасудан балық аулап жүр, бәлкім.

Қарасудың орындық қып қой тасын.
 Балығының ұрттап қойып сорпасын.
 Қайран Мұқан шертуші еді әнгіме,
 Жыр-әзілге толтырып бір ортасын.

Тындағ қалсаң қос тізенді сен бүгіп,
 Ақын тілі жіберетін сөзді үтіп...
 Содан шығар, Қарасазға қастерлі,
 Отыр бүгін бүкіл казак коз тігіп.

САРЫЖАЗ

Тартатындаі белгісіз бір күш-ағын,
Еске түссең саған қарай ұшамын.
Топырағынан тұрақ тапқан әкеме,
Анасы боп, ашқан сенсің құшағын.

Маған таныс адам түгіл құсын да,
Жаңға жайлы жазын түгіл қысын да.
Өрнек салған кілемге үқсал, көз тартып,
Лабасы тауы да тұр тұсында.

Өзінде өскен болса дәйім жұрт аман,
Топырағынды басар талай бұл табан.
Қым-қуыт ой қуып кейде болдырсам,
Саған барып жарқылдаған жыр табам.

Бар маңайын өр данқымен нұрға орап,
Қарсы алдында Райымбек* тұр қарап.
Батырына басын иген жолаушы,
Аттанады кеудесіне гүл қадап.

Өзінде алғаш отау тіктім, от жақтым,
Жетекке ермей, тірлік еттім, жол таптым.
Ой-қырынды алшаң басып қыдырған,
Маған қымбат сол шақ тым!

Көкірегіме сәулө қүйған қастерлі,
Ауылымсың, ұмыта алман әсте енді.
Бұл сөзімнің ақиқаты айнымас,
Жырым деп біл, бас белгі!

*Райымбек батырдың ескерткіші.

ЖЕРДЕГІДЕН ЖЕРІДІН (Р-га)

Басынғаның сол шығар, ішіп кепсін,
Өрлі-қырлы сөйледің ісіп-кептің.
Жердегінің бәрінен жерідің сен,
Келіп жүр ме ойға анау ұшып кеткің?

Сөз үқпас кісі деме, тегі неткен?!
Куемін қылышыңа шегі жеткен.
Дандайсып дастарқанды тепсідің сен,
Жандай-ақ өлдекімге кегі кеткен.

Қалыпсың қарау ойға қатты уланып,
Беталды тіл безедің қатуланып.
Кеуденің түбіндегі жылышқа ойды,
Сол күні соқыр емен, қалдым танып.

Болмапсың мақтанудан тіпті арылып,
(Оныңа отырғам жоқ түк тарынып.)
Сөзіңе қарағанда қардай жауған,
Қалыпты саған талай жұрт табынып.

Сай келер адам таппай ақылышыңа,
Жүрсің бе, толмай ешкім тақымыңа?
Аузыңа түспеді ешбір елеулі адам,
Болғандай дүниес түгсл тақыр мына.

Жұртымды нігі ісіммен сүйсіндірем,
Демедің, туған жерге нұр сіндірем.
Ал менің ойымша осы мансабы зор,
Інінді арқа тұтып жүрсің білем.

Сен білсең арнап жазған жырды ұғына,
Жығыла бермес жансың жүрт ығыңа.
Ағайындаас екеудің бір мансабы,
Жетеді қай қазақтың жыртығына?!

ЕСІМДЕ

(Оралбек Шамырхановқа)

Қайдасың қаламы ұшқыр, Орал ақын?
Кездессе күліп тұрып қол алатын.
Бас қосып отырғанда өзің айтқан,
Ой-санам өзілге өсем оранатын.

Келсенші ортамызға, Орал ақын,
Жан едің ақылшы аға бола алатын.
Газеттен оқығанда жырларыңды,
Қалғыған кей сезімдер оянатын.

Есімде, бәрі есімде өткендерің,
Жылдысы, сұғы да өпкен желдің.
Ағысы жұмсақ өзен секілденіп,
Өкинелес онерпазға өткел бсрдің.

Уақыт отін жатыр тізгін бермей,
 Мен жүрмін сағынышты үзгім келмей.
 Біле алмай оңашада опынамын,
 “Ойында кетті арман” — деп сіздің иңдей?

Қалайша көніл сырын қалам бұғіп,
 Отырмын кештеу сенің бағанды ұғып.
 Өкінбен, өткендерге, аға бірақ,
 Қалғандай ақындығың маған жұғып.

Көз көрген қалпыңменен қиялға енсек,
 (Бәйгеде деймін озып қуан келсем.)
 Бастаған осы ісімде опынбас ем,
 Биіктен өзің күткен қылаң берсем.

ӨМІРГЕ БЕРГЕНІМ АЗ

Қиялмен арман қуып көкке өрледім,
 Десем де осы жолда көп терледім.
 Жарыста жүйріктерден оза шауып,
 Бәйгені қанжығаға бөктерледім.

Алысып ағайынмен бақ сынасып,
 Жүргем жоқ, жан-жарасын қатты қасып.
 Ісіме өткен-кеткен көз жүтіртсем,
 Жұмысым бір басымнан жатсын асып.

Жап емен, біреулерден міндепті кем,
 Сыр айтып, көңілімнен кір кстірем.

Өмірғе бергенім аз, алғаным көп,
Демеймін жоқты тауып індеп ем.

Жетпей жүр кеуде керген күндерге өрем,
Себебі көп асуладар түр көлденең.
Қонбаса қолыма кеп бақыт құсы,
Ол менің өз сорым ғой, кімнен көрем?!

* * *

Жылмаң қағып жалған бедел тапқалы,
Көп шықпадым топ алдына алқалы.
Көңілімде арман аз ба алайда,
Келем әлі кенге салып арқаны.

Болдым демен, ашық қолды, жомарт жан.
Тапқанымнан қымбатым көп жоғалтқан.
Бірақ мені құлата алмай қорланды,
Кей дүшпаным жасырынып оқ атқан.

ТОЛҚЫН

Қарайды жақын келген жан аңырап,
Жатады асай толқын жағаны ұрып.
Тартынбай аралассаң егер оған,
Кетеді ортасына ала жұлып.

Толқынның, көк тәңіздің бетін жапқан,
Жүректей жүрісі бар дүреіл қакқан.



Көзіңе корінеді күміс шашақ,
Үлпілдеп үкісіндей қыздың таққан.

Жайланаңып жалғыз сәтке жаны тынбай,
Ақынның асқақтайды шабытындай.
Жамырап жартасты ұрған асау толқын,
Жатқандай қарсыластан өлі ұтылмай.

ЖАНБЫР

Нәр татпай көптен бері сусаған қыр,
Құлпырараж�ең қеудесін жуса жаңбыр.
Әп-сәтте аспан жүзін түмшалап ап,
Төнді кеп төбесінен бұлт саған бір.

Құзтаудан жаңбыр тәкті асып құлап,
Табиғат кешті бір сәт жасып, жылап.
... Тек қана өр мінезбен өршеленіп,
Лепірді таудан төмен тасып бұлақ...

ШЫНДЫҚ ОСЫ

(Шәкен Күмісбаевқа)

Көркем де болған шығар мүмкін тұлған,
Құрдасым, бір жыл, бір ай, бір күн туган.
Біздерге арманға үқсап алыс қалды-ау,
Жастық шак, жарқылдаған, гүлгө үмтыйған.

Алтысқа келдік рас, мен де, сен де,
 Шындық осы, сенсөң де, сенбессөң де.
 Қылмындаң қырындама қыздарға енді,
 Жетпейді қанша құлаш сермесең де?!

Десек те өлі тыңбыз, сапта біз бар,
 Кел демес, кездесуге баққа қыздар.
 Құ ішиң сірә сезіп жүрген шығар,
 Құтерін алда қарттық аппақ ызғар.

Көбейіп сағынышы жанға жаздың,
 Өтпейтін кезі келді жарға наздың.
 Әйтеуір, шүкір дейміз іштей ғана,
 Бетіне шимай салдық сан қағаздың.

Алыстап албырт шақтың ізгі үндері,
 Ап-айқын егделіктің тізгіндері.
 Сырқырап екі тізең шөге қалсан,
 Қеуденен еспек енді күздің желі.

Жүргендс жақын түгіл, жат бағалап,
 Әсерлі әнгіме жаз, жатпа қарап.
 Кездесер бота тірсек, бозбала шак,
 Арынды Ақсуынды қайт жағалап!

БҮЛАҚ СУЫН КЕШТІМ ДЕ

Кырда туып, тау сағалап өстім де,
 Бұлақ суын жалаң аяқ кештім де.
 Жапондардың даяшысы секілді,
 Қол қусырып, иліккем жоқ ешкімге.

Содан болар, жақпай жүрмін көп слге,
 Енді құрық салған жанға көнем бе?!
 Алған беттен қайтпасыма сенемін,
 Алмас қылыш ойнап тұрсын төбемде.

* * *

Кез болғалы өнерлі ойға киелі,
 Қараш істен қашып жүрмін күйелі.
 Дос адамға айтсам артық сөз кейде,
 Көнілім жасып, жаным отқа күйеді.

Тілдескелі арлы адаммен сүйкімді,
 Көкірегіме сәулелі бір сыр тұнды.
 Жұғымы жоқ, жанға кейде кездессем,
 Арқам мұздап, беріп тұрам сыртымды.

МҰРАТҚА ЖАЗЫЛҒАН ХАТТАР

1 — жыр

Бір өзіңсің, сүйснішім, мақтаным,
 Алдан күліп, ататұғын ақ таңым.
 Саған ғана арналады қуанып,
 Кейде шаршаш, жұмыс істен жатканым.

Солдат болын жүрсің ұлым сен бүгін,
 Қайыспастай көтере біл, ел жүгін.
 Биік ұста намысыңың туы етіп,
 Қайсар мінез атаң қазақ ерлігін.

Назарың сал хатта айтылған ізгі үнге,
 Сенен өзге сенім арттық біз кімге?
 Саған деген сағыныш жыр төгілді,
 Бергенде ерік киыл атты тізгінге!

* * *

Болған соң өмірімнің оты балам,
 Сағынбай сені қалай отыра алам?!
 Ең қымбат ет жақының алыс жүрсе,
 Соны ойлап кетеді екен толқып адам.

Мен келем осындай хал кешіп бастан,
 Сен бе деп жалт қараймын есікті ашқан.
 Кей кезде деп жүреді анаң сені —
 “Әлгі ұлың мынау тәтті кешікті астан!”

Қажыма жүрсөң де ақпан, мұз өтінде,
 Тұрсың сен туған Отан күзетінде.
 Мінеки, жүрек сырын хаттар жалғап,
 Қарлы қыс, көктем мен жаз, күз өтудс.

2 — жыр

Өзіңсің ғой, өмірімнің таң нұры,
Шын жүректен сезін ұлым, ал, мұны.
Сенің сөзің секілді бір серпілтер,
Көксеп жеткен көктемімнің жаңбыры.

Жаным балам, жапырақ жай, күл, көкте!
Ілеспе құр, даңғазаға, дүрмекке.
Арманыңнан адастырмас сені ешкім,
Нұрын төгіп тұрған кездे күн көкте.

Ой жіберші, өмір жолы мың тарам,
Алдында көп сынақ барын біл, балам!
Сенерім де, тілегім де өзіңсің,
Сенен басқа боламын мен кімге алаң?!

Емес ертең сен жүретін жол бірдей,
Қиын балам, биікке өрлеу жөн білмей.
Жұмбағы мен сынағы көп өмірді,
Жұмсақ деме, мына менің көңілімдей!

Керек кейде жүрек сырын айқындау,
Сен боссың десп келмейді әсте айтқым дау.
Тағдыр шіркін, анаң емес ақ пейіл,
Болар жерде, болған жақсы қатқылдау!

3 — жыр

Жан ұлым, түсіне біл, сөздің құнын,
Ұшырдым саған қарай көздің нұрын.
Дей алман, алыска ұзап сен кетпей-ақ,
Не екенін сағыныштың сездім бұрын.

Сағыныш арта түсті айтпа саған,
(Жалған сөз біресу сірә жақпас оған).
Күтіп жүр келуінді бізбен бірге,
Өзіңнің туып-өскен ақ босаған!

17 қазан, 1989 жыл.

* * *

Түбінен көкіректің бір-ақ құлап,
Төгілді ақ қағазға жыр атқылап.
Кестесін әлі де анық келтірмедім,
Құн бойы көнілге арман құрап.

Бұрқ етіп бойымда бар тулап жігер,
Дегендей қолыңмен тас турап, жыр өр.
Туған ел ортаңда өскен ұланыңмын,
Сыр айтам, мені бір сәт тыңдал жібер!

* * *

Ессідім мен уақыт өтіп сырғанап,
Тарлан тарттым, мазасыз ой жүлмалап.
Кон адамға аға екенмін, ангардым.
Жігіт болған жаң ұлымда бір қараш.

Болмаса көп кеудеме арман тұнғаны,
Аздау әлі біткен ісім тұлғалы.
Елу асу өткеріппін алда енді,
Белгісіз ғой, қандай сындар тұрғаны?!

* * *

Дегендей бір, бармағынды ал тісте,
Талай таныс алдап кетті тал түсте.
Қарағайға қарсы біткен бұтактай,
Соның бәрі шенғелденіп қалды іште.

Кездерім көп қиянatty жолда ұқкан,
Сүрінгенде сүйеген аз қолтықтан.
Жылмыңдаған кейбіреудің сөзінен,
Секем алып тұратыным сондықтан.

ДОМБЫРА

Болсам да тәтті үнінді сан тындаған,
Жоқ әлі құштарлығым салқындаған.
Домбыра, күй арқылы ұқтырдың сен.
Халқымның қасиетті салтын маған.

Білемін сан ғасырлар бағаңды асқан,
Арнасам аздық етер саған дастан.
Көнілдің шерін бір сәт тарқататын,
Артықсың, түйық мінез, сараң достан.

Күй тогін, кокіргінен шуак тамған.
Өзіңен бабам козі жырақ кали ан.